

орманы» мемлекеттік резерватында 2 есе, «Ертіс орманы» мемлекеттік резерватында 34.4%-ға өскен.

4-кесте. «Семей-Орманы» және «Ертіс-Орманы» резерваттары орман қоры аумақтарында анықталған заңсыз ағаш кесу көлемі мен олардан келетін шығынның динамикасы

Көрсеткіштер	Резерваттар атауы				2008 жыл 2009 жылға пайызбен шаққанда, %	2008 жыл 2009 жылға пайызбен шаққанда, %
	Семей-Орманы		Ертіс-Орманы			
	2008 ж.	2009 ж.	2008 ж.	2009 ж.		
Заңсыз ағаш кесу, о.і. оқиғалар саны/ үлес салмағы, %	167	126	330	320	75.4	96.9
масса, м ³	1712	2285	6310	6853	133.5	108.6
I заңсыз ағаш кесу оқиғасына шаққандағы көлем, м ³	10.3	18.1	19.1	21.4	176.0	112.0
келтірілген зиян, мың тг.	12544	28443	154233	207373	2 есе	134.4

Сонымен, орман шаруашылығындағы тәуекелдердің мәні мен маңызы зор деп қорытынды жасауға болады. Ғылыми әдебиеттерде халық шаруашылығының аталған саласындағы тәуекелдердің жекелеген түрлері қарастырылады. Оның үстіне, бір авторлар, мысалы, орман өрттерін, зиянкестерді тәуекелдер деп қарастырса, ал екінші бір авторлар тәуекел түзетін факторлар деп қарастырады. Жоғарыда аталғандарға орай, тәуекелді басқаруды бағалау және зерттеу нәтижелерін білімнің басқа салаларында пайдалану мақсатында орман шаруашылығындағы тәуекелдердің түсінігі мен мәнін, олардың ерекшеліктерін, тәуекелдер мен тәуекел түзетін факторлар жіктемесін нақтылау мәселелері жөнінде ғылыми зерттеулерді әрі қарай жалғастыру керек.

1. Греггерсен Х. Экономическая оценка влияния лесохозяйственных проектов / Х.Греггерсен, А.Контрерас. – М., 1995. – 140с.

2. Петров А.П. Управление лесами в переходной экономике (опыт реформ в России и странах Балтии) / А.П.Петров, А.Мелниш, А.Талияров, Б.А.Наслунд, М.Густафсон. – Пушкино: ООО «Техно-Лайт», 2001. – 159с.

3. Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің статистикалық мәліметтері. – Астана, 2010.

В статье рассмотрена оценка управления рисками как фактор повышения управления лесным хозяйством. Статистика рисков, позволяющая отследить динамику индикатора устойчивого управления лесами в исследовании приведена по Республике Казахстан и по государственным лесным природным резерватам.

Assessment of the risk management as the factor of increasing efficiency of forest management has been considered in the article. Statistics of risks that allow to monitor dynamics of indicators of sustainable forest management have been researched in the Republic of Kazakhstan and other state forest reserves.

ӘӨЖ 630.6:65

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖОБАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Абаева Қ.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Мемлекеттік орман басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын жобалау реформаның бір бағыты болып табылады. Ұйымдастырушылық жобалау – бұл көпкритерийлі міндет. Оны шешуде қазіргі басқару жүйесі мен оның тиімділігін ғылыми бағалау әдістері, мемлекеттік ормандарды

басқарудың халықаралық тәжірибесін зерттеу негізінде жобалық модельдеу, талдау әдістері қолданылады.

Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы – бұл алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін жүйенің қалыпты қызметін қамтамасыз ететін өзара байланысты құрылымдық элементтердің жиынтығы. Ұйымдастырушылық механизм басқару органдарының құрылымын және жүйесін, басқару қызметінің стилі мен әдістерін анықтайды, өндірісті тиісті кадрлармен қамтамасыз ету, басқарудың заңдық негіздерін құру мәселелерін және т.б. шешеді [1].

Орман шаруашылығын жүргізуді қызметтің кәсіпкерлік қағидаларына қайта бағыттау басқарудың әкімшілік-бюрократиялық әдістерінен экономикалық әдістерге өтуін, нарықтық конъюктурасын есепке алу қажеттілігін, жаңа өнімдер өндірісін және жаңа нарықтарды игеруді ұйғарады. Нарықтық экономика жағдайында өндірістік-шаруашылық қызметті жүргізудің негізгі экономикалық шарты табысты өндірісті ұйымдастыру болып табылады. Жеткілікті мөлшерде табыс алу мекеменің экономикалық тіршілігін сақтау, модернизациялау мен даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін қажет. Сондықтан орман шаруашылығын жүргізудің ұйымдастырушылық формасы азаматтық кодекске сәйкес кез келген ұйымдастырушылық құқықтық формадағы коммерциялық ұйымды қарастырады.

Орман қорының белгілі бір аумағында орман шаруашылығын жүргізуде негізгі талап болып орман қорын пайдалану, күзету, сақтау және орманды молықтыру (орман қорын рационалды, үздіксіз және сарқылмайтындай пайдалану, экономиканың тұрақты дамуы және қоршаған ортаны қорғау) саласында мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаларын сақтайтын орман орналастырудың ұсыныстарын орындау табылады.

Орман қорын шаруашылық басқару функциялары шарттар бойынша орман шаруашылық субъектілеріне беріледі; олардың ішіндегі орман пайдаланушылар басты болып табылады. Сонымен қатар шаруашылық басқару ұзақ мерзімді жалдық шарттардың ажырамас бөлігіне айналу қажет.

Шаруашылық функцияларды атқарудың тиімділігі табыстар мен шығындарды салыстыру арқылы бағаланады. Критерий ретінде орман шаруашылық мекемелерінің өндірістік шаруашылық қызметінен түскен пайда көрсеткішін алуға болады.

Орман шаруашылығын жүргізуде директ-костинг есепке алу әдісін қолдануды ұсынамыз. Оның мәні өнім (қызмет, жұмыс) түрлері бойынша тура (айнымалы) шығындар және жалпы мекеме бойынша тура (жанама) шығындарды жоспарлап, есепке алу болып табылады. Осы жүйені пайдалану кезінде тұрақты шығындар кезендік шығындар ретінде беріледі, тиісінше тұрақты шығындар бөлігінде қосымша шығындар брутто-пайдадан немесе маржиналды табыстан (маржиналды пайда) өтеледі. Ол өткізуден түскен пайда мен тура шығындар арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі. Тура шығындар дифференциациясы пайда соммасының шығарылатын өнім түрі бойынша өткізу көлеміне тәуелділігін анықтауға және өткізу көлемі мен өзіндік құнды (айнымалы, тұрақты шығындармен), рентабельділікті басқаруға мүмкіндік береді.

Орман пайдаланушылардың ұзақ мерзімді орман шаруашылығын жүргізу тиімді болатын жағдайлар қарастырылады. Орман пайдаланушыларға орман орналастыру жобалау материалдарына сәйкес лесоводттік шараларды беру экономикалық түрде өтеу орынды болып табылады, егер орман өсіру мен орман дайындау сатысында өндірістік шаруашылық қызметтен түскен пайда алынса. Орман қорының учаскесі конкурс немесе аукцион арқылы орман заңына сәйкес ұзақ мерзімді жалға беру құқықтары негізінде осы орман қорының учаскесін пайдалану (иелік ету) құқығын алатын шаруашылық субъектілерге беріледі. Иелік ету және пайдалану құқығы инвестициялар үшін коммерциялық несиелер алу кезінде кепіл объектісі ретінде бола алады. Бұл норма Қазақстан Республикасының Орман кодексінің көрсетілген. Шаруашылық функцияларын, яғни жеке бизнес талапкерлерінің қатысуынсыз орман шаруашылығын жүргізу үшін арнайы құрылатын жеке коммерциялық құрылымдар немесе мемлекеттік коммерциялық ұйымдар бола алады.

Орман қорының учаскелері ағаш өсіру жұмыстарынсыз сүректі дайындау үшін пайдалануға беріледі. Ағаш өсіру орман шаруашылық мекемелерінің өндірістік қызметі базасы негізінде мемлекеттік коммерциялық ұйымды құру қарастырылып отыр. Орман шаруашылығын жүргізуді ұйымдастырудың бұл нұсқасын орталық аудандар үшін қарастыруға болады. Мұнда қазіргі уақытта орман шаруашылық өндірісін орман шаруашылық мекемелері жүргізеді, сондай-ақ орман

шаруашылығын, ормандарды қалпына келтіру, өртке қарсы, орман күзету жұмыстарын атқаратын нақты шаруашылық субъектілері болмай отыр.

Нарықтық экономика қағидалары негізінде жүргізілетін ормандарды мемлекеттік және шаруашылық басқару жүйесі енгізілген жаңа ұйымдастырушылық құрылымның тіршілікке қабілеттілігі бизнес-жоспармен анықталуы тиіс. Оның негізінде орман орналастыратын жобалау және нарықты маркетингтік талдау жатыр. Бизнес-жобаны жасаудың мақсаты – нарық қажеттіліктері мен оның дамуына қажетті ресурстарды алу мүмкіндігін ескере отырып, жасалған стратегияға сәйкес ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметін негіздеу [2].

Орманды басқару жүйесін реформалау ұйымдастырушылық, қаржылық және құқықтық мәселелерді шешуді құрастырады. Реформаларды экономикалық ұйымдастыру шаруашылық функцияларды атқаратын әкімшілік аудандар мен коммерциялық ұйымдардың деңгейінде мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы қаржылық жобалау әдістерінен жасалған. Орман қорына мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану мен ұдайы өндіру тиісті салалық және қоғамдық қызметтермен және жалпы қоғаммен бақылануы тиіс.

1. Игембаева С.К. Орман шаруашылығы қызметінің ұйымдастырушылық механизмін жетілдіру // «Гуманитарлы-техникалық ғылымдарды диверсификациялаудағы жастардың рөлі» атты 3-ші Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының жинағы. – Алматы, АГТУ баспасы, 2008.

2. Абдильдин С.А. и др. Корпоративное управление. – Алматы, 2007. – 184с.

В данной статье рассматривается методика проектирования организационной структуры управления лесным хозяйством.

This article discusses the technique of designing the organizational structure of forest management. УДК 631.10.04

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ СТРУКТУРНЫЕ ФОРМИРОВАНИЯ И УСЛОВИЯ ИХ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ

Багитова Р.Ж.

Казахский национальный аграрный университет

В настоящее время ресурсный потенциал сельского хозяйства используется не в полной мере. Это, прежде всего, связано с последствиями реформирования государственных сельскохозяйственных предприятий и формированием новой структуры хозяйствующих субъектов в переходной период к рыночному механизму хозяйствования. Проведенные в этой период реформирование сельского хозяйства, перерабатывающих и обслуживающих отраслей привело к разрушению сложившейся системы агропромышленной интеграции и кооперативных форм хозяйствования. В результате этой реформы стали возникать области в массовом виде мелкие частные хозяйства по производству сельскохозяйственной продукции, в основном овощи – бахчевых культур и животноводства. Ориентация на мелкое частное производство надолго задержала процесс формирования и развития более эффективных организационных структур в этой отрасли. Форсирование перехода на рыночные отношения без создания необходимой рыночной инфраструктуры резко ухудшило финансовое положение хозяйства населения и мелких крестьянских (фермерских) хозяйств, которые из года в год умножались и стали преобладающими формами в составе сельскохозяйственных структурных формирований в области. По данным первой национальной сельскохозяйственной переписи, проведенной в 2006 – 2007 гг., общее количество субъектов по всем категориям хозяйств составило 63666 единиц, в том числе крестьянских (фермерских) хозяйств 1988 единиц и хозяйства населения 61578 единиц. Как видим, сельскохозяйственные формирования области в подавляющем большинстве состоит из хозяйства населения, которое составляет 96,7% от общего числа хозяйствующих субъектов в сельском хозяйстве области. В свою очередь хозяйства и населения состоим из 53610 домашних хозяйств и 7968 дачных участков, что составляет соответственно 87,1% и 1,3% от общего числа хозяйства населения.